

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2007 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1330 Қаулысы 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2007 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2006 жылғы 30 желтоқсанға дейін Ресей Тарапына дипломатиялық арналар арқылы Қорытындыны жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 3 3 0 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2007 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Тарабы ұсынған Ресей федералдық ғарыштық бағдарламалары, халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары және коммерциялық бағдарламалар шеңберінде "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш

аппараттарын ұшырудың 2007 жылға арналған жоспарын, "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2007 жылға арналған жоспарын, сондай-ақ "Байқоңыр" ғарыш айлағынан әскери мақсаттағы ғарыш аппараттарын ұшырудың 2007 жылға арналған жоспарын мынадай шартты сақтай отырып келіседі.

Зымыран-тасығыштардың және құрлықаралық баллистикалық зымырандардың бұрын пайдаланылған түрлерін түрлендіруді танытатын ғарыштық мақсаттағы зымырандарды "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшыру Қазақстан Республикасының қоршаған ортасына әсер ету бөлігінде (2005 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімнің 3-бабына сәйкес) Қазақстан Тарабымен келісуді талап ететіндігін ескере отырып, "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшырудың экологиялық қауіпсіздігі саласында қазіргі бар мәселелерді 2007 жыл ішінде Тараптармен келісуді қамтамасыз ету қажет. Осы мақсатта тиісті жұмыс жоспарын әзірлеген орынды .

Көрсетілген Келісімде "Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкіне ажырамас жақсартулар енгізудің кезекті жылға арналған жоспары, сондай-ақ ағымдағы жылдың осындай жоспарының орындалуы туралы есебін Ресей Тарапының келісуге ұсынуы көзделмеген. Осыған байланысты ұсынылған 2007 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкіне ажырамас жақсартулар енгізу жоспары және 2006 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкіне ажырамас жақсартулар енгізу есебі қарауға қабынданған жоқ.